



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Өңірлерді газдандыру мәселесіне нүкте қоятын уақыт жетті

Үкіметте Қазақстанның елді мекендерін газдандыру барысы қаралды.

Мемлекет басшысы елді газдандыруды 60%-ға жеткізу жөнінде міндет қойды. Жалпы «көгілдір отынға» 11,8 млн-нан астам тұрғыны бар 1 800-ден астам елді мекен қосылуы тиіс.

«Бұл тапсырманы Энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» және «QazaqGaz» компаниялары мен әкімдер толық көлемде орындауы тиіс», деді Премьер-министр.

Оған қоса Үкімет басшысы 2019 жылы салынған «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының бойында тиісті инфрақұрылым тартылып, қажетті іске қосу кешендері орнатылғанын айтты. Алайда Астана қаласы, Қарағанды және Ақмола облыстарының тұрғындарын көптен күткен газға қосу қарқыны өте төмен деңгейде қалып отыр.

«Бұл өңірлердің тұрғындары газ тарату желілері жоқ, рұқсат құжаттарын алу қиын және газға қосылу қымбат деп шағымданады. Бұл осы өңірлерге ғана емес, сонымен қатар газбен қамтылған басқа өңірлерге де қатысты», деді Әлихан Смайылов.



Қазақстанда жеңіл көлік өндірісі артты

2022 жылы Қазақстанда барлығы 113,9 мың көлік құралы өндірілді. Оның 103,3 мыңы - жеңіл автокөлік. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 28,1%-ға артық.

Қазақстанда автокөлік өндірісінің көлемі алтыншы жыл қатарынан өсіп келеді. Ал соңғы 12 айда машина жасау саласындағы автоөнеркәсіптің үлесі рекордтық көрсеткіш - 38,6%-ды құрады.

Energyprom сарапшылары нақтылағандай, автомобиль жасау саласындағы өндірістің ең үлкен көлемі дәстүрлі түрде Қостанай облысы мен Алматы қаласына тиесілі. Аталған өңірлерде өндіріс көлемі 89%-ға жетті.

Айта кетсек, елімізде жеңіл көлік сатылымы отандық өндірістің өсуі есебінен өсіп жатыр. Мәселен, ішкі нарықтағы сату көлемі бір жыл ішінде 4,7%-ға ұлғайды. Сонымен қатар осы кезеңде им-

порт бірден 22,9%-ға төмендеді.

Қазақстанда үлкен сұранысқа ие 5 брэндтің ішінде бірден төртеуі біздің елімізде шығарылады. Chevrolet, Kia, және Lada - қостанайлық Allur, HYUNDAI - Алматы Hyundai Trans Kazakhstan зауытында шығарылады.

Сондай-ақ елімізде KamatyresKZ шиналарын шығаратын зауыт жұмыс істей бастады, Allur зауыты KIA Sportage автомобильдерінің шаңақтарын дәнекерлеу және бояумен СКД-өндірісін іске қосу үшін қуатын кеңейтті, биыл зауытта KIA CERATO және Chevrolet Enix модельдері шығарылады деп жоспарланып отыр. Бұл ретте 2022 жылы Алматыда Chery, Haval және Changan автомобильдерін шығаратын жаңа зауыт құрылысы басталғанын атап өткен жөн.

«Созақ үні»-ақпарат.



Мемлекет басшысы аграрлық бизнес өкілдерімен кездесті

Жиында ауыл шаруашылығын дамытудың түйткілді мәселелері мен перспективалары талқыланды.

Кездесу барысында Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, көпсалалы «Родина» кәсіпорнының директоры Иван Сауэр, «Олжа Агро» ЖШС-нің бас директоры Айдарбек Қожаназаров, «Зенченко және К» шаруа серіктестігінің директоры Геннадий Зенченко, «Майлы дақылдардың тәжірибелік шаруашылығы» ЖШС-нің директоры Фарид Әбітаев сөз сөйледі.

Олар өндірісті әртарапандыру, шикізатты терең өңдеу және жаңа агроөнімдерді

өндіру, қант саласын дамыту, тұқым шаруашылығы, мал шаруашылығы және ветеринария, сондай-ақ ішкі нарықты қамтамасыз етіп, экспорттық әлеуетті арттыру мәселелерін қозғады.

Жиын барысында агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қаражат бөлу мен пайдаланудың тиімділігі, жер және су ресурстарын әділ бөлу мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Аграрлық бизнес өкілдері ауылдарда өмір сүру сапасын арттыру, жол-көлік және әлеуметтік инфрақұрылымның, оның ішінде мектептер мен балабақшалардың жағдайын жақсарту, сондай-ақ кадр даярлау қажеттігін

атап өтті.

Президент Үкіметке айтылған барлық ұсынысты назарға алуы және кәсіпкерлердің пікірін ескере отырып, ауыл шаруашылығының жай-күйіне мұқият талдау жүргізуді тапсырды.

Мемлекет басшысының пікірінше, агроөнеркәсіп кешені өкілдерімен мұндай кездесулерді тұрақты түрде өткізіп тұру керек. Себебі ауыл шаруашылығындағы мәселелердің шешімін табуы азаматтардың өмір сүру сапасына ғана емес, сонымен қатар елдің азық-түлік қауіпсіздігіне де ықпал етеді.

Егіс жұмыстарына 140 млрд теңге қарастырылған



Үкіметте көктемгі егіс жұмыстарын қамтамасыз ету шаралары қабылданды.

Алдағы науқанға барлығы 140 млрд теңге қарастырылған. Жеңілдетілген бағамен 413 мың тонна дизель отыны бөлінді. Форвардтық сатып алуға 20 млрд теңге және субсидиялар түрінде 87 млрд теңге қарастырылған.

«Мемлекеттік қолдау фермерлер тарапынан да белгілі бір шарттарды орындауды талап етеді. Бұл - агротехнологияларды қатаң сақтау және тыңайтқыштарды уақытылы қолдану», деп атап өтті Премьер-министр Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы республика бойынша тыңайтқыштарды қолдану көлемі ғылыми қажеттіліктің небәрі 26%-ын құрайтындығына назар аударды. Ал елде тыңайтқыш

өндіретін 12 зауыт жұмыс істейді. Мемлекет өнімді сатып алу үшін фермерлерге субсидия береді.

«Өндірістің бәрін, ең алдымен, отандық нарыққа бағыттау қажет. Сарапшылардың бағалауы бойынша минералды тыңайтқыштардың жеткілікті деңгейде себілмей қалуынан біздің дихандарымыз 10 млн тоннаға жуық жоғары сапалы бидай өндіру мүмкіндігінен айырылып отыр. Бұл - жиынтық өнімнің жартысына жуық», деді Премьер-министр.

Сонымен бірге топырақтың тозуы мен егіс алқаптарын арамшөптердің басып кетуі де өнімнің сапасы мен көлеміне кері әсер етіп отыр. Суды көп қажет ететін дақылдардың алқаптарын азайту тетіктері дұрыс жолға қойылмай келеді, фермерлер арасында түсіндіру жұмыстары дұрыс жүргізілмеген. Оларға жұмыс жүргізудің басқа, балама нұсқалары ұсынылмаған.

Осыған байланысты Премьер-министр Ауыл шаруашылығы министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп осы бағыттағы жұмысты күшейтуді тапсырды.

Жеңілдікті дизель отынын бөлу жұмыстары да ерекше бақылауда болуы тиіс.

«Алып-сату мен қолдан жасалған тапшылыққа жол бермеу керек. Бөлінген дизель отынын басқа жаққа «жасырын сататын» операторларға барынша қатаң шара қолдану керек», деді Әлихан Смайылов.



Мектеп қабырғасында өткен маңызды жиын

Қазіргі уақытта жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу өзекті мәселе. Құқық бұзушылық-бұл қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикасын күшейтуді атап өтті. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру негізгі басымдықтардың бірі. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру қоғамның құқықтық тәрбиесіне тікелей байланысты. Құқықтық мәдениетті арттыру, халықтың құқықтық санасын дамыту—

Аудан орталығы Шолақ-қорғандағы Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінде өткен аптада «Созақ ауданы аумағында жасөспірімдердің құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды жасауына жол бермеу, алдын алу бағытында атқарылатын жұмыстардың барысы туралы» жиын өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Қ.Оразов, Созақ ауданы прокурорының орынбасары А.Жағыппаров, аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Ж.Назаров, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің бас маманы М.Әбдиев және мектеп қызметкерлері қатысты. Жиын барысында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру және ескерту жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, жиын барысында аудандық прокуратура тарапынан І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебін мұғалімі Арайлым Алдажановаға көмелет жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты анықтап, көмек көрсеткені үшін аудан прокурорының

орынбасары А.Жағыппаров арнайы Алғыс хат табыстады. Жиында құқықтық тәрбие—көмелетке толмағандар арасында заң ғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз етуді, жастарды заңның негізгі принциптерін біліп қана қоймай оны меңгеріп білуге де үйрету қажеттігі жайы сөз болды.

Қ.ТҮРҒАНОВ.



тәуелсіз, демократиялық және құқықтық тұрғыдан сауатты мемлекет құруға ықпал ететін азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызды өлшемдері. Қоғамдағы қылмыс пен құқық-бұзушылыққа қарсы күресуі бағытындағы жаңа жүктемелерді толығырақ таныстыру құқық қорғау органдарының міндеті. Осы орайда құқық қорғау органдарының тарапынан түрлі іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр.

Отан қорғау-патриоттық рух

Қаратау ауыл округінің әкімшілік ғимаратында, Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі қызметкері Берік Шадманов пен жасақтау тобының басшысы, сержант Азамат Алтышовтың қатысуымен жиын өтті. Аталған шарада отан алдындағы азаматтық борышын өтеп жүрген Дүйсен Батыржанның анасы Карима Ерубайқызына Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы Е.Манаповтың алғыс хаты мен «Отан қорғаушының анасы» деген арнайы төсбелгісін табыс етті.

Сонымен қатар, жиынға қатысушы жастарға патриоттық рухты көтеру мақсатында, әскери қызметтің негізі міндеттеріне тоқталып өтті.

«Созақ үні»-ақпарат.

УРАН ӨНДІРУШІ КӘСІПОРЫН БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Осы аптаның сейсенбісі күні аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Астана қаласына арнайы іс-сапармен барды. Сапар барысында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ компаниясының басқарма төрағасы Ержан Мұқановпен кездесіп, мемлекет ұстанған саясатын бірлесіп жүзеге асыруға шақырды. Сондай-ақ, аталған кәсіпорынның ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін арттыру мен халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатында атқарған жұмыстарына алғысын жеткізді. Кездесу барысында, келер жылы іске асатын мәселелерді талқылады. Аудан басшысы іске асатын бірқатар жобаларды ұсынды.

Сонымен қатар, сапар барысында «КАТКО» БК ЖШС бас директоры Николая Бастыенмен жүздесіп, кәсіпорынның ширек ғасырда аймақтың дамуы үшін атқарған жұмыстарына айрықша тоқталып өтті.

«Катко» қазақ-француз бірлескен кәсіпорны Созақ ауданына құмды алқапқа табан тіреп, Мойынқұм және Төртқұдық кен орындарын



іске қосып, өз жұмысын бастағанына ширек ғасыр болды. Осы жылдар аралығында аудандағы ірі әлеуметтік жобаларға демеушілік көрсетіп, қомақты қаржы бөліп, тұрмысы төмен отбасыларды тұрақты түрде қолдап келеді деді, Мұхит Сексенбайұлы.

Сондай-ақ, өндірістің демеушілігімен алдағы уақытта ауданымызда атқарылатын жұмыстарды жан-жақты саралады.

Кездесу соңында аталған кәсіпорын басшыларына көрсетіп келген қолдаулары үшін Созақ ауданы халқының атынан алғысын жеткізді. Алдағы уақытта да ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын жеделдетіп, тұрғындардың тұрмыс жағдайын түзеу мақсатында бірлесе жұмыс жасауға сенім білдірді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Мемлекеттік грантқа өтінім қабылдау басталды



жәрдемақы алушылар;
-аз қамтылған отбасылардың мүшелері;
Гранттар жұмыссыз немесе дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі үш жылдан аз дара кәсіпкер ретінде грант алуға өтініш бергенге дейін тіркелген жағдайда халықтың әлеуметтік осал топтарына беріледі.

Грант сомасы

400 АЕК мөлшерінде қайтарымсыз негізде 1 млн.380 мың теңге беріледі.

Қанша грант қарастырылған?

Түркістан облысы көлемінде 1 688 адамға гранттар беру көзделіп, 2 932,4 млн.теңге қаржы бөлінді.

Жобаның шарты

Жобада үміткерге соңғы 3 жыл ішінде «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздері бойынша курсты аяқтағаны туралы сертификат талап етіледі. Бір тұлға тек бір рет алуға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ грант тек нысаналы мақсатта қамтамасыз етілу үшін үлестіріледі. Атап айтқанда, қажетті еңбек құралдары, технологиялық жабдықты жабдықтау, мал мен жануарлар, құстар, көшеттер, бұталар мен тұқымдары сатып алу;
бастапқы бизнесті өткізуге арналған үй-жайлар, сауда объектілерін жалдау ақысын төлеуге және пайдалануға сенімгерлік басқару үшін беріледі.

Қандай жағдайда грант берілмейді?

-кредиттік қарыздарды өтеуге;
-жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға немесе салуға;
-жер учаскелерін сатып алуға;
-акцизделетін өнімдерді өндіруге қарастырылмайды.

«Созақ үні»-ақпарат.

20 ақпаннан бастап кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба аясында өз ісін ашуға ниетті азаматтардың бизнес жобалары үшін гранттарға өтінім қабылдау басталды. Өтінімдер онлайн форматта business.enbek.kz порталында қабылданады.

Грантқа кімдер үміткер бола алады?

Белгілі санаттағы ел азаматтары мен кәсіпкерлік саласында тіркеу мерзімі 3 жылдан аспағандар үміткер бола алады:

-еңбекке қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектігі бар адамдар;
-мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған адам (жұбайы не зайыбы);
-«қандас» мәртебесі бар адамдар;
-өңіраралық қоныс аударушылар (көші-қонға қатысушылар);
-көпбалалы отбасының мүшесі (жұбайы не зайыбы);
-асыраушысынан айырылу бойынша

Шаңырағының түтінін түзу ұшырып, өзі қанаттандырып өсірген ұл-қыздарының қызығын қызықтап, немерелерінің ақ әжесі атанып отырған шалақорғандық Күлзада апамыздың отбасында болып, ол кісімен емен-жарқын әңгімелеудің сәті түскен еді. Күн жексенбі болатын. Мен табалдырығын аттап, үйге енгенімде немересі ашық-жарқын көңілмен қарсы алып, атасы мен әжесі отырған бөлмеге бастап барды. Кең де жарық бөлмеде олар өзара шүйірлесіп отыр екен. Қонақжай қалыппен меймандостық танытып: «Жоғары шық! Айналайын балашаға аман ба? Шаруаң қалай? Кел, төрге оз!» деп қауқылдасып қалды. «Керілік қой, кейінгі кездері денсаулығымыз сыр беріп жүр, - деп бір-біріне қарасып, күлісіп қойды».

Ия, екеуі де еңбек адамы. Көп жылдар бойы бұрынғы Калинин атындағы шаруашылықта жұмыс жасап, зейнеткерлікке шыққан.

ауылдағы сол бір уақыттағы кездерді жас келген сайын сағынады екенсің. Сол кезеңдерде ауа райы қандай таза болса, адамдардың көңілі де кіршіксіз мөлдір болатын. Адамдардың бір-біріне деген ыстық ықыласы, мейірімділігі, инабаттылығы, адальдығы ерекше еді.

Сол Бетбақтың даласында, Үшкөкшенің құмында еңбек ете жүріп, Алланың берген перзенттерін дүниеге алып келдім. Аттың жалы, түйенің қомында жүріп, бейнет еткенге қиналмайтынбыз. Қайта бізді романтикалық сезім алға қарай жетелейтін. Балаларымыздың былдырлай тілі шыға бастағаннан шаңырағымыз шаттыққа бөленетін.

Кейін отағасы түйе шаруашылығына ауысты.



қасиеттерді еге білдік. Ұл-қыздарым ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Өздері де ата мен ене атанып перзенттерінің қызығын көріп келеді. Немерелеріміз ата-әжелеп келіп тұрады. Олар келген сайын үйімізде үлкен мереке. Адам қартайған кезде бала сияқты болып қалады екен. Жылы сөздерін естісек қуанып қаламыз. Жүрегімізді үзіп беруге дайын тұрамыз. Алладан күндіз-түні тілейтініміз солардың амандығы. Келіндеріме барынша ізгілікті істерді үйретумен келемін. Күнделікті бір-бірлеріңмен тату болыңдар, абысын тату болса ас көп дегенді құлақтарына құйып жүрелің.

Қара шаңырақта Жеңіс балам мен Ұлбала келінімді ұстап отырмын. Келінім ас-суымызды уақтылы беріп, жағдайымызды жасайды. Ұлым болса жылы сөздерін айтып, алақанына салып аялап отыр. Немерелеріміз ата-әжелеп жаны қалмай, біздің көңіл-күйімізді көтеріп

БАҚЫТЫН ЕҢБЕКПЕН ТАПҚАН АНА

Кезіндегі еңбек майталмандары. Тұрсын Әлтаев жастайынан шаруашылықта түйеші, жылқышы, шопан болған. Жұбайы Күлзадамен бірге алпыс бес жылдан астам уақыттан бері тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді. Осынау мерзімде екеуі өмірдің ащысы мен тәңізімен бірге кешіп, перзенттерін дүниеге алып келіп, қазіргі таңда олардың қызығын көріп отырған жайы бар. Күлзада Әлтаева Тұрсын көкемізбен бірге қарапайым еңбектің тәтті дәмін татып, жұбайлық ғұмыр кешіп келеді.

Қыстың қытымыр аязында, жаздың аптапты ыстығында далада суыққа тоңып, күнге күйіп еңбек ету-оңай шаруа емес. Ол уақытта малшылар жаз айында Бетбақты жайлайтын. Алғашқы кезде Тұрсын көкеміз жылқы баққан. Сол кездерді еске алған Күлзада апа: «Жаз жайлауымыз Бетбақтың даласында өтетін. Бағымымызда үйір-үйір жылқы болатын. Күніне 40-50 бие сауып, сүтін шаруашылыққа өткізетінбіз. Әрине осыншама биені сауып, оның үдесінен шығу-оңай емес. Таң енді қылаң беріп келе жатқан уақытта ұйқыдан тұрып, бие сауымына кірісіп кететінбіз. Таңғы ауа салқын болады да, түске қарай үп еткен жел болмайды. Ал, түні салқын болып келетін. «Қымызды кім ішпейді...» дегендей бие сауғаннан кейін оған келіп дәм татыңдар көп болады ғой. Үйіміз қонақтардан босайтын. Бәрінің көңілін тауып, қымызымыздан дәм татырып, шығарып салатынбыз. Ренжіп, қабақ шыту деген бізде болмайтын. Отағасы да қонақ келсе қуанып, олармен әңгімелесіп, жаны жадырап қуанып қалатын. Шіркін, даланың жусанына жайылған биенің сүті бал татитын. Қымызды нәшініне келтіріп, әдемі баптайтынбыз. Бетбаққа көшкен кезде әуелі киіз үйімізді шаруашылықтың көлігіне артып, біраз күн бұрын барып, үй тігетінбіз. Сол кездегі адамдардың бір-біріне деген мейірімділігі керемет еді. Барып үй тігер кезде қатар қонған малшылар бірінің үйін бірі тігісіп көмек қолын созатын. Содан қазанға етті асып, көршілермен әңгіме-дүкен құрысып, бір дастарханнан дәм тататынбыз. Он-он бес күн жылқыларын жәймен айдап, отағалары да жететін. Содан кейін бір-бірімізді қонаққа шақырысып, ерулік беру басталатын. Малшы

Қыстың күндері құмның жиегінде отыратынбыз. Жалпы, түйе туғаннан кейін екі жыл сауылады. Оның шұбаты мен қымыранын ішкенде тіл үйіреді. Жанға дәру сусынды дайындағанда баптай да білу керек. Анамнан дарыған еңбекқорлық қасиет бойыма күш-қуат берді. Соның арқасында мұндай шаруалармен айналысу маған қиындық тудырған жоқ. Нәтижесінде өзім білетін істердің бар-

дігінше үлес қосты. Жасаған жұмыстары нәтижелі болып, озат шопандардың қатарынан орын алды. Қыс қыстауымыз Үшкөкшенің құмы болса, жазғы жайлауда Бетбаққа шығып кететінбіз. Зейнеткерлікке шыққанға дейін шопандық кәсіпті серік еттік.

Әрине шаруашылық жұмыстарымен айналысу оңай болған жоқ. Жыл мезгілінің барлық кезеңінде далада тіршілік жасау керек бол-

қояды. Міне осылардың қызығына бөленіп отырған жайымыз бар.

«Жасыңда бейнет бер, қартайғанда, зейнет бер» деген сөз дұрыс айтылған ғой. Жасымызда ерінбей еңбек еттік, құрметке бөлендік. Асымызды беріп жүріп ел таныдық. Ендігі мақсат-үрім-бұтағымыздың ортасында Алланың берген жасын жасап, шын өмірге абыроймен аттану. Аналық жүрегімізмен еліме тыныштық



лығын келіндеріме үйретуден жалыққан емеспін. Сиыр сүтінен, бие сүтінен, түйе сүтінен дайындалатын жеңсік астарды дайындауды келіндеріме үйретуден жалыққан емеспін. Уақыт өте келе олар осы тірліктерді менің қолымнан алып өздері де керемет дайындаудың шебері атанды. «Өнерді үйрен де жирен» дегендей қазір келіндерім барлық шаруаны өздері дөңгелетіп отырған жайы бар. Біртін келе Тұрсын көкелерің қой шаруашылығына ауысып, шопандық кәсіппен айналысты. Бұл салада да ол өзінің адал еңбегімен таныла білді. Отардағы қойлардың өз төлі есебінен көбеюіне мүмкін-

ды. Қар мен жаңбырға, күннің суығы мен ыстығына қарамай жұмыс жасауға тура келді. Отағасының бейнетқорлығының арқасында талай қиындықтарды жеңе білдік. Еңбек ете жүріп отбасымызда көп баланы дүниеге алып келдік. Батыр Ана атандым. «Бір қозы дүниеге келсе, бір топ жусан артық шығады» демекші әрбір перзентімнің өз несібесі болды. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірдік. Әр қайсысына шамамыз келгенше тәрбиемізді бердік. Қазір барлығы өз алдына шаңырақ көтеріп, үйлі-баранды болды. Бастысы олардың бойына адалдықты, еңбекқорлық

тілеймін. Бейбіт өмір жерімізде салтанат құра берсін!-деп батыр Ана жүрекжарды әңгімесін аяқтады.

Сексен төрт жасты еңсеріп, бала-шағасының ортасында бақытты ғұмыр кешіп отырған бақытын еңбектен тапқан Күлзада анамыз өзінің ғибратты өмірі жайлы осылайша сыр шерткен еді.

Жастайынан еңбек етіп, қазіргі таңда сол еткен еңбектерінің зейнетін көріп отырған қос ардагерге жүз жасқа келіңіздер деген игі тілек айтып, қоштастық.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Кітапхана саласына қосқан үлесі мол

Өмірде өз жолын, еңбек ететін өз саласын тапқан адам-нағыз бақытты адам. Өмірлік ұстанымы, таңдаған жолы, табиғи таланты соған сай ортада өрби түсіп, отбасында да, еңбекте де үйлесімдік орнайды. Өз саласын, өз өмірлік жолын тапқан, мамандығын жетік меңгерген, жанымен қалап, қалтқысыз қызмет ете білген адал еңбек адамы жайлы айтар едік десек, Айтбала Қыстаубаеваның есімі алпыс жылының белесінде жарқырай алдымыздан шықты. Иә, «Кітапхана саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, Созақ аудандық кітапханалар жүйесінің «Құжаттарды өңдеу және жинақтау бөлімшесінің» басшысы Айтбала Қыстаубаева биыл мерейлі биігінде. Сырт көзге ағысы білінбейтін кітапхана ісінің қыр – шұқыры мол, табанды тірлік пен кәсіби шеберлікті, халыққа қызмет етуде мәдениеттілікті, тәртіпті, адами қасиеттердің асылын талап етеді. Қырық жылдан аса осы салада еңбек етіп келе жатқан Айтбаланы әріптестері білгір маман деп таныса, оқырман қауым да іскер кітапханашы деп құрметтейді. Десе дегендей еңбек қорлығы зеректігімен ұштасқан, бар қажыр-қайратын жұмысына арнаған Айтбала адал еңбек, табанды тірлігімен абырой жинап келеді. Алпыс белесінің биігінен ғұмыр жолына көз салсақ, өмірі туған жерімен біте қайнасып, тұтасып тұрғанын көреміз.

Қыстаубаева Айтбала Бейжанқызы 1963 жылы 26 ақпан Шымкент облысы (қазіргі Түркістан облысы), Созақ ауданы Шолаққорған ауылында дүниеге келген. 1980 жылы аудан орталығындағы М.Калинин атындағы орта мектебін бітіріп, еңбек жолын 1980 жылы Созақ аудандық сауда бірлестігінде сатушы болып бастап, 1981 жылы Н.Крупская атындағы мектебінде кітапханашы боп еңбегін жалғастырады. Бұл оның кітапханашы мамандығын таңдауына ықпал етіп, 1982 жылы Шымкент қаласындағы Әл-Фараби атындағы Шымкент мәдениет институтына түсіп, 1986 жылы «кітапханатану және библиография» мамандығы бойынша бітіреді.

1986 жылы Созақ аудандық орталық кітапханаға «Стационардан тыс қызмет көрсету» бөліміне кітапханашы болып қабылданады. 1986 жылы аудандық балалар кітапханасында әдіскер, 1989 жылы Калинин совхозында кітапханашы, 1996 жылы аудандық орталық кітапхананың «ауылшаруашылық әдебиеттері» бөлімінде кітапханашы, 2008 жылы редактор қызметінде, 2009 жылы абонент бөлімінде кітапханашы, 2013 жылы аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі, 2014 жылдан аудандық орталық кітапхананың «Құжаттарды өңдеу және жинақтау»



бөлімшесінің басшысы қызметін атқарып келеді. Қырық жылдық кітапханашылық қызметтің қиындығы мен қызығы да астасып жатын. Өлке кітапхана саласы тап осы Айтбала қызмет еткен жылдары өркендеп, даму кезеңінде еді. Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің құрылып, жаңаша жұмыс әдістері заманауи талап тұрғысынан қолға алынып жатқан кез еді. Міне, Айтбала сынды жас маманның үнемі ізденіп, тыным таппайтыны адами қасиеттерімен толығы түсіп, кәсіби

біліктілігі толығы түсті. Сол кездегі Айжамал Баймұрзаева сынды мықты басшының қажырлы қолдауы, темірдей талабы арқылы шыңдалып, нағыз маманға айналды. Қай бөлімде қызмет атқарса да, бүгешүгесіне жете меңгеретін, іс қағаздары тап-тұйнақтай, айналасы тап-таза, жүріс-тұрысы жинақы болатын әрдайым. Қазіргі кітапханашыларға үлгі боларлық қасиетті қыры-әдебиетті жанымен сүйетін. «Мына кітаптың авторы кім еді?» деп сұрай қалсаң, мүдірмей жауап беретін. Өлеңді жатқа оқып, ұнайтын цитаталарын қайталап жүретін. Қай кітаптың қай сөреде тұратынын көзін жұмып айта алатын Айтбала бұл күндері аудандық кітапханалар жүйесінің «Құжаттарды өңдеу және жинақтау» бөлімін басқарып, кітап қорын есепке алып, шашауын шығармай түгендеп, оқырманға жетуін қадағалап отыр. Іс-қағазға ұқыптылығын әріптестері

бірлестігінің «Мінсіз қызметі үшін» медалінің иегері, «Жыл кітапханашысы» номинациясының, «Кітапхана ісінің үздігі» төс белгісінің иегері. Үнемі білімін жетілдіріп, 2018 жылы Алматы қаласында Ұлттық кітапханада каталогизатор мектебінде іс-тәжірибелік оқудан өтті. Жұмыс барысында жаңа инновациялық әдістерді енгізіп, іс-тәжірибелері аудан көлемінде таратылып келеді. «Кітаптың берері мол білген жанға», «Кітап жайлы сіз білмеген деректер», «Кітап, тарих, шежіре» атты ұсыныстық құралдар, «Алфавиттік, жүйелік каталогтардың құрылымы» ұсыныс-кеңестер кітапханашыларға насихатталып, таратылып келеді.

Кейіпкеріміздің енесі де кітапханашы еді. Кітапханашы болғанда нағыз осы саланың қарлығашы, созақтық алғашқы кітапханашылардың бірі-Гүлсара Маханова еді. Гүлсара апай барша созақтық кітапханашылардың сыйлы ұстазы болатын. Есімін әлі күнге құрметпен атаймыз, мақтан етеміз. Айтбалаға жұмыстың қырсырын үйретіп, білгенімен бөлісіп, нағыз маман боп қалыптасуына ықпал етті. Айтбаланың сіңлісі Фатима Қыстаубаева да кітапханашы, білім беру саласында ұзақ жылдар еңбек етіп келеді.

Өмір Айтбаланы еркелетпеді, тұрмыстың тарлығын да, тағдырдың талайын да көрді. Жары Серік Әбдірахманов ертерек қайтыс болды. Мойыған кезін көрмедік бірақ... Енесі екеуі шай деспей, қайғыны да, қуанышты да бөлісіп, шаңырақты шайқалтпады. Гүлсара апамызды аялап күтіп, арулап шығарып салды. Ұл-қыздары тәрбиелі, білім құмар боп өсті. Мектепті үздік бітіріп, жоғары оқу орындарында да үздік оқыды. Қазір өз таңдаған мамандықтары бойынша жемісті еңбек етуде. Қызы Айсәуле жоғары білімді, Созақ аудандық ветеринариялық зертханасында ветеринариялық дәрігер, күйеуі баласы Тұрар Қазатомөндірісінде жоғары білімді маман. Ұлы Мұрат «КАТКО» мекемесінде координатор инженер-геофизик, келіншегі Шакизат А.Байтұрсынов атындағы орта мектепте химия пәнінің мұғалімі. Мақсат Түркістан қаласында «Азия Сервис» ЖШС-да жоғары білімді маман.

Иә, Айтбала Қыстаубаева өлке мәдени өмірінде есімі елеулі азамат, елге сыйлы, ұжымда беделді. Үйлесімді іс-тірлігі көпке өнеге. Біз Айтбаланың алар асулары алда деп, кітапхана саласына қосар үлесі мол болар әлі деп сенеміз. Айтбаланың алпысы асқақтап алға жетелейді.

Гүлнәр ӨМІРБЕК,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі, кітапхана
ардагері.

Радикализм (латынша radix – түбір, түп, тамыр) – белгілі бір көзқарасты ғана дұрыс деп тану, тек соны ғана жақтау деген мағынаны білдіреді. Мұндай ұстаным қалыптасқан қоғамдық дәстүр мен үрдістерді, көқарас пен институтты өз идеологиясына қарай өзгертуге бағытталады. Яғни тек менікі ғана дұрыс деп өзгені адасты, шатасты деген көзқарасты ұстану. Зерттеушілердің пікірінше, тарихтың ауыспалы кезеңдерінде пайда болатын бұл феномен қоғамның саяси және әлеуметтік саласында жиі көрініс береді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Елбасымен бірге – жаңа жетістіктерге!» атты 2015 жылы өткен жастар форумында: «радикализм

Дін-діңгек

Радикалды ұстаным қауіпті құбылыс

қауіптері мен оның зардаптары туралы сөзінде: «Радикализм тіршіліктің бірде-бір саласында пайда әкелмейді. Ол тек прогресті тежейді, кері итереді», - деп атап өтті.

Бүгінгі таңда Таяу Шығыс елдерінде, яғни мұсылман әлемінде орын алған лаңкестік ұйымдар тарапынан жасалып жатқан қақтығыстар мен кескілескен ұрыстар негізінде діни радикалды және саяси себептер де жоқ емес. Діни радикалды идеология экстремистік, террорлық ұйымдарды қалыптастырудың негізгі «құнарлы топырағы»

болса, діни экстремистік және террорлық актілердің жиі орын алуы өз кезегінде әлемде «исламофобия» түсінігін қалыптастырды. Бір феноменнің пайда болуы екінші бір феноменнің кең қанат жаюына түрткі болуда.

Кез келген дінді бір қырынан ғана танып, қатаң түрде ұстану салдарынан діни радикалды көзқарастың пайда болатындығын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр.

Ең қауіпті радикалды топ деп тәқфир жамағатын айта аламыз. Бұрын олардың қарқыны қатты еді. Деген-

мен, жүргізіліп жатқан ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының арқасында халық тәқфиршілердің насихаттары деструктивті сипатқа ие екенін, олардың қатарына қосылуға болмайтынын түсініп жетті. Сондықтан бұл діни ағымның өкілдері көбейіп жатқан жоқ. Ел ішінде бүлік, фитна тудырып, шектен шығатын әрекет жасап жатқанын кездестірмейміз.

Радикалды идеологияның кез келген түрі қоғам үшін аса қауіпті. Ол қоғамда ұлттық, діни сипаттағы араздықты қоздырып, бірлік пен

ынтымаққа нұқсан келтіреді. Рухани құндылықтар шетке ысырыла бастайды. Біз жастарымызға керегі – ең бірінші өзінің болмысы, мәдениеті, діни танымы, тәжірибесі. Тәжірибе деген – тарих деген сөз. Тарихта қандай тұлғалар болды, қандай еңбектер қалдырды, міне осыны негізге алсақ, бұл тарихилық болып шығады. Яғни, біз діни экстремистік және деструктивті шаблондардың, олардың сипатын, табиғатын тарихилық өлшеммен, діни тәжірибемізбен салыстырып, анықтай аламыз.

Б.АБДРАХМАН,
Түркістан облысы дін
істері басқармасының
«Дін мәселелерін зерттеу
орталығы» КММ-нің теолог маманы.

2023 жылғы қаңтарға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2023 жылғы Қаңтар	2023 жылғы қаңтар, 2022 жылғы қаңтармен, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер ¹⁾		
Халық саны, адам (2023 жылғы 1 қаңтарға)	63 055	99,3
Туылғандар, адам	1 622	89,2
Өлгендер, адам	292	72,8
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	1 337	86,5
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	2 266	110,8
Еңбек рыногы және еңбексіздік төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2022 жылдың IV тоқсаны	18 154	103,1
Бір қызметкердің орташа айлық атуалы жалақысы, теңге 2022 жылдың IV тоқсаны	403 498	119,4
Үлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	1 782,8	75,8
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	101 244	100,6
Кетерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	40 600	100,0
Экономиканың нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	36 828 310	105,1
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	1 266,9	103,6
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	943,2	1828,5
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	1 369	101,4
Қаржы жүйесі ²⁾		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	196 277,5	138,4
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	164 955,3	123,3
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	120 899,1	128,4

¹⁾ 2022 жылғы қаңтар-желтоқсандағы деректер
²⁾ 2022 жылғы IV-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2023 ЖЫЛҒЫ
1 АҚПАҢҒА ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	2023 жылғы 1 ақпандағы	бірлік
Барлығы	464	
мемлекеттік	104	
жеке	360	
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуымен)	1	
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуымен)	8	
шетелдік	-	

Созақ АСБ

ШШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2023 жылдың 1 ақпанда 4720 бірлікті құрады.

2023 жылғы 1 ақпанда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	оның ішінде							
	ШОК заңды тұлғалары ²⁾		дара кәсіпкерлер ²⁾		Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары			
2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022	
4 720	3 165	275	257	3 240	1 851	1 205	1 057	

¹⁾ Жедел деректер.
²⁾ Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

2023 жылғы қаңтардағы халықтың жекелеген жұқпалы ауруларға шалдығуы (100 мың адамға шаққанда)

ІЖА тобы	Бруцел лез	Жіпті вирустық гипатит	Жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпалары	Тұмау	Менингококк жұқпасы	Тыныс жолдары туберкулез	Мерез
-	-	19	18 604	-	-	-	19

¹⁾ ҚР ҰЗМ ТҰҚ ОҚО ТҚҚД деректері бойынша.

Созақ АСБ

ҚЫЛЫМЫСТЫЛЫҚ

2023 жылғы қаңтардағы ауырлық сипаттары бойынша тіркелген қылмыстар саны*

Тіркілген қылмыстар барлығы	соның ішінде ауырлық саннатары бойынша				
	ауыр	ерекше ауыр	ауырлығы орташа	онша ауыр емес	қиянқылдықтар
13	3	-	8	1	1

*Түркістан облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет басқармасының мәліметтері бойынша.

Созақ АСБ

Коллекторлар жөнінде қалыптасқан түсініктер көп. Fingramota.kz мұндай түсініктерді Қазақстанның Ұлттық коллекторлар палатасының төрайымы Назгүл Естеуісовамен бірлесіп тарқатып береді. Коллекторлар қарыз алушылармен қалайша жұмыс істеулері қажет, қандай іс-әрекеттерге рұқсат берілген, нелерге берілмеген – бұл сұрақтардың барлығына жауаптарды біздің Instagram-аккаунтымызда тікелей эфирде таба аласыздар.

Аңыз №1. Кредиторлар төлем мерзімін өткізу пайда болысымен бірден коллекторларға жүгінеді

Шын мәнінде кредиторлар – банктер немесе микроқаржы ұйымдары төлем мерзімін өткізу пайда болған сәттен бастап 20 күн

Коллекторлар: аңыздарды жоққа шығарамыз

ішінде қарыз алушыны бұл туралы хабардар етеді. Ол Қазақстанда 2021 жылғы 1 қазаннан бастап қолданылатын азаматтардың қарыздармен микрокредиттері бойынша проблемалық берешегін реттеу тәртібіне сәйкес талап етіледі. Хабарламада кредиторлар қарыз алушыға қарызды қайта құрылымдауға өтініш беру құқығы жөнінде хабарлайды, алайда қарыз алушы оны мерзімін өткізу пайда болғаннан 30 күн ішінде жасауға тиіс.

Егер қарыз алушы ешқандай әрекет жасамаса, онда кредиторлар 90+ күн мерзімі өткен берешек пайда болғанда қарыз алушының қарыздарын, оның ішінде банктік қарыз немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша өз құқықтарымен міндеттерін қоса бере отырып, коллекторлық агенттікке сатуға құқылы. Немесе кредитор коллекторға сотқа дейін өндіріп алуға немесе берешекті реттеуге, сондай-ақ берешекпен байланысты ақпарат жинауға шартты уақытша бере алады.

Коллекторлық қызмет берешекті сотқа дейін реттеу тәртібі негізінде жүзеге асырылады. Аталған тәртіпке, коллекторлық қызмет туралы заңда айқындалған регламентке және қағидаларға сәйкес, коллектор борышкерді берешектің болуы, оны реттеу қажеттілігі және берешекті өтемеген жағдайда оның салдары жөнінде хабардар етуге тиіс.

Аңыз №2. Коллекторлармен іс-әрекеттесу міндетті емес

Шын мәнінде борышкерлер коллекторлармен өзара іс-әрекеттестік жасамауға құқығы жоқ, алайда үшінші адамдар заң бойынша олармен өзара іс-әрекеттесуден бас тарта алады. Коллектор, егер борышкермен байланысу және оның орналасқан жерін немесе борышкердің байланыс деректерін анықтау мүмкін болмаса, борышкердің тұрғындарына және таныстарына телефон соғуы мүмкін. Алайда, мұндай талап қарыз алушымен жасалған банктік қарыз (микрокредит) шартында көрсетілуге тиіс.

Сол себепті, қарыздары коллекторларға берілген азаматтар заң бойынша тұрғылықты жерінің (заңды мекен жайы), телефон нөмірінің, жеке басын куәландыратын құжаттарын ауыстырғаны (қолданыс мерзімі аяқталған, жоғалтқан жағдайда) туралы коллекторлық агенттікті хабардар етуге міндетті екендерін естен шығармауға тиіс.

Борышкерлер, өз кезегінде, коллекторлармен мына тәсілдердің бірін қолдану арқылы өзара іс-қимыл жасайды: жеке кездесулер, телефон арқылы келіссөздер, жазбаша немесе пошта хабарламалары, ұялы байланыс арқылы хабарламалардың барлық түрлері, интернет арқылы.

Бұл ретте, қарыз алушылар коллекторлық агенттіктің қызметкерлерімен өзара іс-қимыл процесін аудио-немесе бейнетехника құралдарының көмегі арқылы дербес тіркеуге құқылы.

Аңыз №3. Коллектор кез-келген уақытта қоңырау шалып, келе алады

Шын мәнінде коллекторлық агенттік өз тарапынан телефон арқылы келіссөздерді жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейін үш реттен артық жасамауға тиіс. Коллекторлардың бөгде телефон нөмірлерінен қоңырау шалуына болмайды. Коллекторлық агенттіктердің борышкерлермен байланыс жүргізетін барлық телефон нөмірлері ресми түрде тіркелуге тиіс әрі коллекторлық агенттіктер бұл жайында қаржы реттеушісі хабардар етеді.

Қарыз алушының тұрғылықты немесе тіркелген жері бойынша не коллекторлық

агенттіктің (филиалдың, өкілдіктің) үй-жайында өткізілетін жеке кездесулер жұмыс күндері сағат 8.00-21.00 аралығында аптасына үш реттен артық болмауға тиіс.

Аңыз №4. Коллектор борышкердің мүлкін алып қою мүмкін

Шын мәнінде, мүлкті алып қою құқығы коллекторға емес, жеке сот орындаушысына тиесілі. Коллектордың борышкерден мүлкті алып қалу, оның шоттарына тыйым салу, қарыз алушыны борышкерлер тізіліміне енгізу, шетелге шығуға шектеулер қою, жүргізуші куәлігінің қолданысын тоқтату құқығы жоқ. Борышкердің мүлкі тек сот шешімімен ғана алынуы мүмкін.

Осылайша, коллектор мерзімі өткен берешектің бар екені және оны сотқа дейін рет-

теу қажеттілігі туралы ғана хабарлайды. Сот талқылауы болған жағдайда борышкердің шығыстары бірнеше есе артуы мүмкін (сот шығыстары, мемлекеттік баждар, жеке сот орындаушыларының көрсеткен қызметтері үшін шығыстар және т.б.).

Аңыз №5. Коллектор кредиттер бойынша мерзімі өткен берешекті өтеуге көмектеспейді

Шын мәнінде, коллекторлар борышкерлерге қарыздармен микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешекті өтеу тәсілімен мерзімдерін анықтауға көмектеседі. Коллекторлық агенттіктер проблемалық берешекті өтеген кезде, олар өз қалауы бойынша белгілі бір борышкерлерге пайыздармен өсім пұлдарды есептен шығаратыны жайында жариялауы мүмкін.

Берешекті реттеудің сотқа дейінгі тәртібінің ерекшеліктері борышкерге оның мерзімі өткен берешегі коллекторлық агенттіктің жұмысында екендігі туралы ақпаратты алған сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде кредит шартының талаптарын өзгерту туралы жазбаша өтініспен коллекторларға жүгіну қажет.

Өтініште берешектің пайда болу себептері, осы өтінішке себеп болған расталған мән-жайлармен фактілер туралы мәліметтерді ашу қажет. Сондай-ақ, білімі, кірістері және шығыстарының деңгейі, отбасының құрамы, тұрғылықты жері, мүлкінің болуы және кредиторға қажетті басқа да мәліметтер туралы шынайы ақпарат беру қажет.

Коллекторлық агенттік борышкердің жазбаша өтінішін алғаннан кейін оны кредиторға күнтізбелік 10 күн ішінде жіберуге міндетті. Кредитор банктік қарыз шартын немесе микрокредит беру туралы шартты өзгертудің ұсынылған талаптарын күнтізбелік 15 күн ішінде қарайды және коллекторлық агенттікке жазбашаны санды мыналар:

- келісім туралы;
- кредит шартының талаптарын өзгерту бойынша өз ұсыныстары туралы;
- себептерін көрсете отырып, өзгертуден бас тарту туралы хабарлайды.

Коллектор кредитор қабылдаған шешімді алғаннан кейін 10 күнтізбелік күн ішінде борышкерге хабарлауға тиіс.

Коллекторлық агенттіктермен даулы және шиеленіскен мәселелер туындаған жағдайда азаматтар Қазақстанның Ұлттық коллекторлар палатасының <https://stop-collector.kz/> сайтына өтінім қалдыра алады, +7707 573 00 00 телефон нөмірі бойынша хабарласа алады немесе +7776 508 33 00 телефон нөмірі бойынша Қазақстан коллекторлар қауымдас-тығына жүгіне алады.

Қарыз алушылар коллекторлық агенттіктердің қолданыстағы заңнаманы сақтауын тексеру және өз құқықтарын қорғау үшін ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне өтінішпен:

- жазбаша нысанда: А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3 ш/а, 21-үй;
- egov.kz электрондық үкімет порталы, «e-Öpinish» ақпараттық жүйесі арқылы;
- Агенттіктің өңірлік өкілдерінің басқармасы (тұрғылықты жері бойынша) арқылы жүгіне алады.

Қосымша консультацияларды Агенттіктің call-орталығының «1459» қысқа нөмірі немесе «Fingramota Online» мобильді қосымшасы арқылы алуға болады.

Fingramota.kz-пен бірге қаржылай сауатты болыңыз!

Аудандық ішкі саясат бөлімінің тапсырысымен.

Біле жүріңіз!

Жалған банкроттық жарға жығады

Банкроттық-кәсіпорындардың төлем қабілетсіздігі салдарынан өз жұмысын мәжбүрлі тоқтатуы. Әдетте, фирманың банкроттығы, көбінесе, олардың шығыны кірісінен асып кетуі салдарынан туындайды. Мұндай жағдайда борышкер тек соттың шешімі бойынша ғана банкрот деп танылады. Борышкерді банкрот деп танудың негіздері, тәртібі мен рәсімі ҚР «А» 52-, 53-, 54-, 55-, 56-, 57-б, «Банкроттық туралы» заңда (21.1.1997) көзделген. Осы актілерге сәйкес Банкроттық ерікті не ықтиярсыз түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Егер борышкер өзінің төлем қабілетсіздігі жайында сотқа арыз берсе, онда ол ерікті банкрот болып табылады. Алайда борышкер арызын соттың тиісті шешімінсіз кері қайтарып ала алмайды. Ал, ықтиярсыз Банкроттық туралы іс қозғауға кредит берушінің талабы негіз болады. Кейде фирмалардың алған қарыз ақшаларын жасырып қалу мақсатымен «жалған Банкроттыққа» ұшырау деректері де кездеседі. Бұл теріс әрекет ретінде танылып, заңмен қудаланады. Банкроттыққа шыраған кәсіпорынның кредит берушіге қарызын және басқа да міндетті төлемдерін өтеу туралы үшінші жақтың кепілдігі болмаған жағдайда сот баспасөзде борышкердің қаржы жағдайын жақсартып, кредит берушілердің тілек-шағымдарын қанағаттандыруына жәрдем беруге қабілетті заңды тұлғалар мен азаматтарға арналған төндер жариялай алады.

Егер бір ай ішінде мұндайлар табылмаса, кәсіпорынның Банкроттығы туралы іс заң құжаттарында көрсетілген тәртіппен қаралады да кәсіпорын мемлекеттік тіркеу регистрінен шығарылып, таратылады. Заңды тұлғалардың банкроттығы жағдайында оның салдары атқарушы директорыға әсер етуі мүмкін. «ЖШС туралы» Заңның 44-бабына сәйкес, басшылық өзінің міндеттерін орындауға немқрайлы қарағаны үшін келтірілген шығынның бір бөлігі үшін жауап береді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Жеке қаулы

Жеке қаулы — мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың, ұйымдар мен олардың басшыларының назарын белгілі бір істі қарау кезінде анықталған заңның бұзылуына деріне, қылмыс жасауға себепші болған жағдайларға аудару үшін соттың шығарған қаулысы. Жеке қаулыны сот оған жеткілікті негіз болған кезде кеңесу бөлмесінде қабылдайды. Сот жеке қаулыны алдын ала тергеу жүргізу кезінде немесе істі төменгі сот қараған кезде жіберілген, азаматтардың құқықтарының және заңның басқа да талаптарының бұзылуы байқалған кезде шығаруы мүмкін. Кейбір ұйымдар мен еңбек ұжымдарындағы жекелеген азаматтардың өндірістегі немесе тұрмыстағы теріс мінез-құлқына, қызметтік, азаматтық борышын бұзып жүргендігіне де сот жеке қаулы арқылы назар аудару алады. Сондай-ақ, қылмыстың жолын кесуге немесе қылмысты ашуға жәрдемдескен азаматтың азаматтық борышын өтеу кезінде көрсеткен жоғары саналылығы мен ерлігі туралы еңбек ұжымдары мен ұйымдарға ол туралы жеткізу керек болғанда сот жеке қаулы алады. Жеке қаулы бойынша бір ай мерзімнен кешіктірмей қажетті шаралар қабылдануы және оның нәтижелері туралы сот орнына хабарлануы тиіс. Осы тұрғыда 2022 жылы Созақ аудандық сотымен қылмыстық істер бойынша 3 жеке қаулы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 11 жеке қаулы, азаматтық істер бойынша 3 жеке ұйғарым шығарылған. Шығарылған жеке қаулылар мен ұйғарымдарға уақытылы жауаптар берілген.

**А.ТУРЖАНОВА,
Созақ аудандық сотының бас маманы
сот мәжілісінің хатшысы.****БЖЗҚ**

Сұраңыз, жауап береміз

-Жұмыс беруші міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын қызметкерлерге қандай жағдайларда төлеуі керек?

-ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңына сәйкес міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) қызметкердің ай сайынғы табысының 5% мөлшерінде белгіленеді. МКЗЖ аударымдарын жұмыс беруші өз қаражаты есебінен, кәсіптері өндіріс, жұмыс, кәсіптер тізбесінде көзделген еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстарда істейтін қызметкерлердің пайдасына жүзеге асырады. (ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1562 қаулысын қараңыз).

Өндірістік нысандарды аттестаттау нәтижелерімен расталған зиянды (ерекше зиянды) еңбек жағдайлары тізбеден шығарылған жағдайда, жұмыс берушілер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асырмайды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жарамсыз деп танылсын

«Қазфосфат» ЖШС-нің 2023 жылғы 15 ақпан күнгі «Созақ үні» газетінің №13 (9086) санында жарияланған қоғамдық тыңдау туралы хабарландыруы жарамсыз деп танылсын.

Бүгінгі таңда қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бағытындағы жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар үздіксіз жүргізіліп келеді. Әлем өркениеті қарыштап даму барысында жемқорлық қылмысы да

тік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүлкітік (мүлкітік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу заңмен жазаланады.

Жемқорлықпен күрес жүйелі түрде жүргізілуде

түрленіп қанат жаюда. Мемлекеттің дамуын тежейтін осы қылмыстың жолын қалай кеспек керек? Түп тамырымен жоюға мүмкіндік бар ма? Осы мәселені түбегейлі шешу жолында әлем елдері барлық мүмкіндіктерді қарастыруда. Өз мүддесін қоғам мүддесінен жоғары қоятындар сыбайластық іс-әрекеттерін жүзеге асырып, мемлекеттің дамуын тежеуде. Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес тоқтаусыз жүргізіле береді. Алайда, азаматтардың осы әрекеттерден бойын аулақ салуы үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру маңызды. Осы бағытта сыбайластық қылмыстары үшін жазалар қатаңдатылып, заңнамалар жетілдірілді.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілет-

Қоғамды сыбайластыққа қарсы насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Халқымызда еңбекпен тапқан нан тәтті деген асыл сөз бар. Қай кезде де адамды адам ететін адал еңбектің құндылығы жоғалмайды. Бәріміз Мемлекеттің дамуы үшін адал еңбек етіп, табан ақы маңдай терімен тапқан табысты қанағат тұтып, адалдық арынан аттамау мақсатын алға қойған абзал.

Жең ұшынан жалғасқан жемқорлық әрекеттерін айыптап, мемлекеттік функцияларды мемлекеттің дамуы, халықтың әл-ауқатының артуы үшін мүлтіксіз орындау қажет.

**Әсел НАЛТАЕВА,
Созақ ауданы қазынашылық басқармасының бас маманы.**

Сыбайластықпен күрес әрбір азаматтың міндеті

Коррупция термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекеттің организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни, лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы болып табылады. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай, термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздікті білдіреді. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмән-

сыз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе — бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері бау жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым Аристотель. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатыны айқын.

Халықаралық қоғамдастық және көптеген мемлекеттердің үкіметтері жемқорлық процесстері қоғамда ауқымды материалдық, саяси және моральдық негативті факторлар туғызаты-

нын ертеден анықтаған. Сондықтан, жемқорлық процесстерін жеңуге тек тәуір саяси механизмдер мен ауқымды жүйелі іс-шаралар нәтижесінде ғана жетуге болатынын ескере отырып, жемқорлықпен күресуге жоғары деңгейде көңіл бөледі.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті, өскелең ұрпақ пен мемлекетіміздің даму жолында жемқорлықпен күресудің орны ерекше болып табылады. Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы сыбайлас жемқорлықпен күрес және оның алдын алу шарасы бағдарламасы аясында аудандық газетке мақалалар, сенім телефоны жариялап тұрақты күресіп келеді. Әрі бұл шара жалғасын таба береді.

**Арман ЕДЕНБАЕВ,
Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маман-заңгері.**

Орманды өрттен сақтайық!

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек», - деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң — құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатын естен шығармайық.

Тойымсыздықпен, ашкөздікпен құртылған дүниенің орнына қайта келу көп жылдар еншісінде екені анық. Кенеттен болған өрт, аң құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі — таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

**Нахып МҰҚЫМБЕКОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.**

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, көбінесе тұрғындардың, орманда демалушы азаматтардың кінәсінен болатыны тұжырымдалған. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің ережелерін үйрету үшін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс. Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі өте маңызды орынды алады. Әр орман шаруашылығы орманды өрттен қорғау жоспарын жасайды. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су жолының, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын түгелдей бөлімшелерге бөледі де схемаға кіргізеді. Схемада көлік жолдары, тұрғын үй пункттері, кардондар, өзен, көлдер, орман шаруашылығының кеңселері, өрт бақылайтын, хабар қабылдайтын пункттері, өрт шығу қауіпі бар объектілер белгіленеді. Өрт қауіпсіздігі құрлығының жоспарында орманды бақылау қызметін ұйымдастыру, өрт сөндіру-бақылау құрғыларын салу, телефон байланысының жүйесін жаңартып тұру, радиобайланыс ұйымдастыру сынды қызметтер белгіленеді.

Әсіресе орманымызды өрттен сақтау әрбірімізге зор міндет. Сондықтан орманды алқаптардың құрып кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық.

**Мақсат ЖҰМАБЕКОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.**

Редакциямызға осыдан біршама уақыт бұрын Қарақұр ауылынан бір азамат келді. Ол «сіздерге келгендегі мақсатым «Қазпошта» мекемесінің бір қызметкері маған қол ұшын созып сөз жәрдем арқылы көмектесіп еді. Соған өзім жазылып, тұрақты оқырманы саналатын аудандық басылым арқылы рахметімді айтқым келеді» деді. Қарақұрлық азамат өзіне сөз жәрдемі тиген пошта қызметкерінің аты жөнін де білмейді екен. Ол азаматқа «сіз алдымен алғыс айтатын қызметкердің аты жөнін біліп келіңіз, біз әрқашанда оқырмандарымыздың өтініш тілектерін орындауға әзірміз» дедім. Содан бір аптадай хабарсыз кетті. Бір аптадан кейін келіп тұр. «Не болды, әлгі қызметкердің аты жөнін білдіңіз бе?» дедік. Сөйтсек қол ұшын созып ауыз екі сөз жәрдемін берген азамат пошта қызметкері емес пошта бөлімшесінің басшысы Нұрлан Смайлов болып шығады. Оқиға қалай болған. Әлгі азамат анасы-



жобалар мен асқақ биіктерді бағындыру үшін оның тылы мықты болуы керек. Нұрланға тылы-үйдегі жан жары Алтынгүл. «Жалғыз ағаш сая болмас» демекші, бір отбасын үдеден шығаруы үшін бір адамның күш қуаты жете қоймас. Ал ондай күш-қуат иесі отбасындағы отағасының көзінде жастай сүйіп қосылған жары болмақ. Алтынгүл құрдасымызбен Нұрлан 1989 жылы көңіл жарасып отбасын құрайды. Бүгінде жұбайы Алтынгүл екеуі алты қыз, бір ұл өсіріп отырған бақытты жанға. Қазақ бұрыннан келе жатқан «алтын шыққан жерді белден қаз» демекші анасының сүйегінен, сүйек жаңғыртып алған жары бүгінде Нұрланға досы, сырласы, өмір сапарындағы сапарласы десек те болады.

Тағы бір оқиға есіме түсіп отыр. Шолаққорған ауылы бойынша жазылымшыларды аралап жүрген кезімізде бірнеше азаматтар Нұрлан мырзаның атына өз ризашы-

ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ ҚАҒИДАСЫН ҰСТАНҒАН АЗАМАТ

ның зейнетақысын алуға ауылдан арнайылап келеді. Әрі қайтарда аудан орталығындағы көтерме сауда нүктелерінен үйіне азық-түлік алып қайтпақшы болады. Поштаға келіп анасының зейнетақысын алмақшы болса банкоматының мерзімі өтіп кетіпті. Енді оны ауыстыру үшін бір-екі апта уақыт кетеді. Үйдегі бала-шағаға азық-түлік алып қайтпаса бір зейнетақыға қарап отырған жанға ашығып қалуы мүмкін. Солай басы қатып тұрғанда қасынан өтіп бара жатқан пошта қызметкеріне өтініш айтады. Оның пошта қызметкері екенін мойнына тағып алған бейджик арқылы біледі. Бірақ толық аты жөнін оқуға көзі жетпейді. Әлгі қызметкер мұны залда отырған пошта қызметкерлерінің біреуіне әкеліп «мына азаматтың тірлігін бітіріп берсеңіздер» деп табыстайды. Сөйтіп аяқ астынан тірлігі бітіп, әлгі қызметкерге іштей риза болып сол күні ауылға қайтады. Міне, қарапайымдылық этикасы дегеніміз осы шығар. Бұл біз білетін Нұрланның бір ғана қыры. Оның жұмысына адалдығы, ұжымына, ондағы қызметкерлердің әлеуметтік тұрмыс тіршілігіне бей-жай қарамайтындығы екінші бір қыры болса керек.

Бүгінгі мақаламыздың кейіпкері Смайлов Нұрлан Рысбайұлы 1968 жылы 10 ақпанда Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылында дүниеге келген.

Бір отбасында үш қыз, үш ер бала болса Нұрлан солардың ең кенжесі еді. Калинин совхозына қарасты М.И.Калинин атындағы орта мектепті 1985 жылы бітіреді. Әскерге дейін 1985 жылы Шолаққорған ауылында жүргізушілер дайындайтын АТП мекемесінің жанынан ашылған 6 айлық курсты

оқып, көлік жүргізуші куәлігін алады. 1986 жылы маусым айында әскер қатарына алынып, отан алдындағы азаматтық борышын өтеп қайтады. Әскерден оралған соң Шымкент қаласындағы автомеханикалық техникумға оқуға түсіп, автомобиль жолдары бойынша мамандық иесі атанады. Нұрлан уақыттың бір арнада тоқтап тұрмайтынын терең ұғынып, білімін қосымша жетілдіру мақсатында Шымкент автомеханикалық техникумының автомобильді басқару мамандығы бойынша бітірген соң, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің автомобильдер мен автомобиль шаруашылығы факультетін оқып алады. Кейін Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің экономика және бизнес бакалавры мамандығы бойынша оқып диплом алады.

Алғашқы жұмысты Созақ аудандық АТП мекемесіне жүргізуші болып бастайды да кейін сол аталған мекемеде қойма меңгерушісі қызметіне ауысады. Одан қарақөл МКК жабдықтаушы, «Қазпошта» байланыс торабында жетекші маман, Созақ ауданы әкімдігінің жер инспекциясы бөлімінде бас маман, аудандық ауыл шаруашылық бөлімінде бас маман, ОҚО бір жолғы талондар беру орталығында Созақ ауданы бойынша филиал директоры, аудан әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолаққорған-Су» мекемесінде директорының орынбасары қызметтерін абыройлы атқарады. Кейін тәжірибесі толыққан, өмірдің ащысы мен тұщысын қатар көрген азамат Созақ аудандық «Қазпошта» байланыс торабының бастығы қызметіне тағайындалады. Биылғы жылы пошта бастығы болғанына

сегізінші жылға қарай кетіп барады. Уақыт деген расында қасқағымдық сәт екен. Осы жылдар ішінде аудандық пошта байланысы мекемесінде көптеген оңды өзгерістер болды. Оның барлығы аудан халқына сапалы қызмет түрлерін көрсету мәселесі терең жолға қойылған.

Кешегі 1990 жылдары тоқырау кезіндегі поштаның жайы әлі күнге дейін көз алдымда қап-қараңғы үңірейген үңгір сияқты суық ғимарат, ішінде жыбырлап жүрген бірекі адам. Бес-алты айлап айлық алмаған соң, мекемені тастап базар жағалап кеткен қызметкерлер, болашағы бұлыңғыр мекеме қалтқұлт етіп тарап, жабылып кетудің жар қабағында тұрды. Расында сол уақытта «бүйткен тәуелсіздігіне болайын» деген сөздер жиі естілетін, кеңестік заманды аңсап болашақтан үміт үзе бастаған шақты да көрдік. Егемендіктің алғашқы қиын кезі еді. Одан бері ел еңсесін көтерді. Заман түзелді. Үміттердің оты жанды. Пошта байланыс саласы қайта еңсе көтерді. Пошта мекемесі бүгінде газет, журнал таратудан басқа пошталық, қаржылық, сондай-ақ агенттік қызметтердің кең спекторын ұсынады. Хат-хабарлар, сәлемдемелер қабылдау, жіберу баспа өнімдерін тарату, коммуналдық төлемдер, жеке және заңды тұлғаларға шот ашу, депозит, несие, аударым сияқты түрлі операциялар шеңберінде жұмыстар атқарады.

Әрине Нұрланның алдында жұмыс жасаған Дәулет Әжиевтің, Сәбит Елбергенұлының, Қалдыгүл Нұртаеваның, Алшынбек Бимендіевтің еңбектерін ұмытуға болмайды.

Әрбір азаматтың өмір белестерінде қажымай алға басуы үшін, алған бетінен қайтпай арман еткен

лықтарын білдірді. Себебін зерделесек, тұрмысы төмен бірнеше отбасыға Нұрланға азық түліктен, отын-судан жәрдемдесіп, алайда «оң қолымның бергенін сол қолым көрмесін» деген қағиданы ұстана ешкімге тіс жармауды сұранған екен. Алайда жүрекжарды қуанышын жасыра алмаған азаматтар біздің газет қызметкері екендігімізді біліп «өзгелерге үлгі өнеге болсын» деп қуаныштарымен бөлісіп, ақжарма тілектерін білдірген еді. Бұл біздіңше айтқанда Нұрланға үшінші қыры болса керек.

Аудандық пошта мекемесіндегі сәлем-сауқат бөлімі, несие бөлімі, газет-журнал тарату бөлімі, жәрдемақы, зейнетақы тарату бөлімдерінде тың өзгерістер мен жаңашыл әдістер көптің көңілінен шығып байланыс саласының жаңа бір тынысын ашқандай әсерде боламыз. Бұл да болса іскер басшының өзі басқаратын мекеменің халыққа сапалы қызмет ету барысын қатаң бақылауда ұстайтынын және тың жаңашыл үрдіспен жұмыс жасауға ынталы екенін байқатса керек. Жалпы Нұрлан сияқты өмір көрген, түрлі қызмет сатыларынан өткен азаматтардың өмірлік тәжірибесін ауданымыздың дамуы мен өркендеуіне жұмсай да білу керек шығар.

Біз алдағы уақыттарда да аудандық пошта байланысы саласында зор серпіліс болатыны бек сенімдіміз. Өйткені жауапкершілік жүгін арқалаған қарапайым басшылардың бойында қашанда тың бастамалар мен жаңашыл ойлар тоғысып жататынын білеміз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.